

**Бірік ауылдық округі-** Адам баласын атеистік рухта тәрбиелеп, халқымызды байырғы ата-салтынан ажыратып, мәңгүрттікке тәрбиелеуді көздеген Кеңес империясының салқын желі ежелден мал бағып жай жатқан қара көз қазақ халқын біраз әбігерге салып кеткенін өткен тарих бетінен жақсы білеміз. И.В.Сталиннің шаш ал десе бас алға сүйенген саясаты Ф.И.Голощекиннің 1927 жылғы «Кіші Қазан» бағыты қара халықты қынадай қырып, байларды нақақ тәркілегенін уақыт көші мен замана ағымы дәлелдеп отыр. Қолдан жасалған геноцидтің салдарынан аяусыз қырылып жатқан мал мен жанның тағдырына мықтап алаңдаған белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов, мемлекеттік баспасөз бөлімінің меңгерушісі Мансұр Ғатауллин, Коммунистік жоғарғы оқу орнының оқу ісі жөніндегі проректоры Емберген Алтынбеков, аталған оқу орны проректорының орынбасары Мұташ Дәулетқалиев, энергетика секторының меңгерушісі Қадыр Қуанышев жолдастар 1932 жылғы шілде айында Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекиннің атына хат жазды. «Бесеудің хаты» деген атау мен бар қазаққа танылған тарихи құжаттың төңірегіндегі шындықтарды кейінгі толқын жаңа ғана біліп жатырмыз. 1989 жылы Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты спектаклінің М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрының сахнасында сахналануы, сонау 30-шы жылдардағы оқиғаның қайта оянуына себепші болды. Тарих пәні мен ғылымы арқылы «Бесеудің хаты» оның авторлары жөнінде бұрыннан да білетін едік. Өткен 2016 жылы белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, әлем тарихын, соның ішінде Европа, Америка мемлекеттерінің тарихын тыңғылықты зерттеп жүрген жерлесіміз Серік Мектепұлы Мәшімбаев ағамыздың авторлығы мен жарық көрген «Қос өзен аралығындағы Казталов ауданы» атты естелік кітабында «Бесеудің хаты»-М.Ғатауллиннің тағдыры деген мақала бар. Сол тарихи еңбек арқылы аудан халқы әсіресе кейінгі буын (үлкендер жағы ішінара болса да бұрыннан білетіндері болар) жастар жағы мемлекет және қоғам қайраткері Мансұр Ғатауллиннің Казталов ауданының тумасы екендігін оқып, естіп біліп жатырмыз. 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Нысамбай ауылында малшы шаңырағында дүниеге келген қайраткердің әкесі Таит Ғатауллин, ал анасы татар қызы Фатима. М.Ғатауллиннің туған жері Қазіргі Бірік ауылдық округінің аумағындағы Сарыөзен бойындағы «Ағаш үй» деген жер. Тама руынан шыққан қайраткер М.Ғатауллин 1920-21 жылдардағы аштықтан аман қалып, Казталовтағы шіркеу-приход мектебінде оқып, білім алады. Приходты аяқтаған соң жергілікті уезд мекемелерінде Александров-Гай-Ембі темір жол құрлысында жұмыс жасаған қайраткер 1925 жылы Саратов малдәрігерлік-зоотехникалық институтына оқуға түседі. Бірақ жанұя жағдайына байланысты оқи алмаған

қайраткер елге қайтады. «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» газеттеріне мақала жазып тұрады. Халықтың қамын ойлап қолдарына қалам алып хат жазған қайраткерлерге 1933 жылы Ф.И.Голощекин орнынан кеткеннен кейін ешқандай шара қолданылған жоқ. Қазақстанға басшылық қызметке Л.И. Мирзоян келді. Ел басшылары мен жақсы қатынаста болған 1933-37 жылдары Қарқара қаласындағы өлкелік партия комитетінде жауапты жұмыстарда еңбек еткен Мансұр Таитұлы 1936 жылғы қыркүйек айында азкем уақыт Ақмола аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған. Қарқарада қаладағы ең үлкен үйде тұрған М.Ғатауллиннің шаңырағында С.М.Киров, Л.И.Мирзоян, Ж.Шаяхметов сынды ел ағалары қонақтықта болып, дәм татқан. «Бесеудің хатын» жазған Қыдыр Қуанышевтің тағдыры әлі күнге белгісіз, ал қалған үшеуі кешегі Кеңес заманында өмір сүрді. Ал біздің жерлесіміз Мансұр Ғатауллин 1937 жылғы қараша айында атылып кетті. Мансұрдың сот процесі кезіндегі ақырғы ісіне күйеу баласы Айтбай қатысып отырған. Онда М.Ғатауллиннің қасында отырған адамдардың халық жауы емес, өзінің халық жауы екендігін, және өзінің де халық жауы емес екендігін айтып, өзін соттауға рұқсатын берген. Сот процесінде іс-сапар мен бір ауылға барғанда анандай жерде орналасқан жалғыз мал қорасының ішінде адамдардың сүйектері үйіліп, сасып жатқанын, сыртында адамдар айқайлап у-шу болып жатқанда, өзінің пистолетін аспанға атып, халықты тыныштандырғанын, одан соң қайнап жатқан қазан ошақтың қақпағын ашып қарағанда ішінде адамдардың ет сүйектері мен балалардың башпайларының қайнап жатқандығын айтып, содан соң өзінің де халық жауы атанғанын баяндап,-сөзін түйіндеген. Мансұр Алматыда түрмеде жатқан кезінде әйелі Сахип келіп онымен кездескенде соңғы сөзі «мен қайтпайтын болармын» депті. Қоғам қайраткерінің әйелі Алматыдан Ақмолаға қайтып келе жатқан жолда Гүлбахрам Сейфуллина мен кездеседі. Қарқараға келіп қызы Аяны алып, Алматы қаласына кері кетеді. Алматыда Жамал Омарова, Шара Жиенқұловалар мен араласып тұрады. 1953 жылы Мансұрдың өзі атын қойған қызы Аяны соңғы сыныпта «халық жауының қызы» деген желеумен оқудан шығарып жібереді. Кейін тұрмысқа шығып, 3 баланың анасы атанған Ая 1981 жылы ауыр науқастан қайтыс болды. Ағасы Сафхат 1935 жылы Мәскеудің Театр институтын бітірген соң, Атырау (Гурьев) қаласында мамандығы бойынша жұмыс жасайды. 1946 жылы қарындасы Мүнира қызы Дариға мен бірге Алматыға келіп тұрады. 1952 жылы «халық жауының қарындасы» деген желеумен партиядан шығарылады. Елден біржолата кеткен Мүнира 1981 жылы Мәскеу қаласында қайтыс болған. Әкесі Таит ауылдағы мал-жанын түгел сатып баласының артынан Алматыға көшіп барып, кемпірі Фатима екеуі немересі Нариман мен бірге тұрған. Ал

Шафхаты Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыстан аман-есен елге келіп,  
1971 жылы қайтыс болған.